

<https://orcid.org/0000-0003-3910-8222>
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0002-6238-9512>
sultano81@mail.ru

ИСЛАМ ШАРИҒАТЫНДАҒЫ «ФУДУЛИ» ҰҒЫМЫ

Мухитдинов Рашид Сражович
Филология ғылымдарының кандидаты,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Абжалов Султанмурат Утешович
Философия ғылымдарының кандидаты,
доцент Қожа Ахмет Ясауи атындағы
халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

مفهوم الفضولي في الشريعة الإسلامية

سلمطانميراد أبجالوف
دكتوراه في علم الأديان، أستاذ مشارك
جامعة خوجا أحمد يسوي الكازاخستانية التُّركيَّة
الدَّوليَّة
تركستان، كازاخستان

رشيد محي الدينوف
دكتوراه في الفيلولوجي والعلوم الإسلامية
الجامعة المصريَّة للثقافة الإسلاميَّة نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

THE CONCEPT OF THE FUDULY IN ISLAMIC LAW

Mukhitdinov Rashid Srajovich
Candidate of Philological Sciences,
Egyptian University of Islamic culture
Nur-Mubarak,
Almaty, Kazakhstan

Abzhalov Sultanmurat Uteshovitch
Candidate of Philosophical Sciences,
associate professor Khoja Akhmet
Yassawi International Kazakh-Turkish
University, Turkestan, Kazakhstan

ПОНЯТИЕ «ФУДУЛИ» В ИСЛАМСКОМ ПРАВЕ

Мухитдинов Рашид Сражович
Кандидат филологических наук,
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарака,
Алматы, Казахстан

Абжалов Султанмурат Утешович
Кандидат философских наук, доцент
Международный казахско-турецкий
университет имени Ходжи Ахмеда
Ясауи, г. Туркестан, Казахстан

Аңдатпа. Ислам шариғаты адамдар арасындағы сан алуан қарым-қатынасқа, алыс-берістерге аса мән береді. Бұл мақсатта осы қарым-қатынасты реттеп, олардың әрекеттерінің шариғат талабына сай болуын зерттеп, тиісті діни ұстанымдарды, үкімдерді баяндап, үкімдер шығарып отырады. Адамдар арасындағы байланыс, келісімдер екі тарап арасында орын алғаны секілді үшінші тараптың араласуымен де іске асу жағдайлары өмірде кездеседі. Сондай істердің бірі фудули әрекеттері. Фудули – біреудің атынан оның хабарынсыз әрекет жасаушы. Бұл мақалада осы фудули әрекеттерінің шариғат таразысындағы заңдық күшінің бар не жоқтығы талданады, мәзһабтар арасындағы пікір қайшылықтары салыстырылып, әр мәзһабтан дәлел, дәйек келтіріліп, уәждеріне талдау жасалады. Фудули әрекеттерінің шарғи себебі анықталып, одан туындайтын құқық, мүлікке ие болу секілді заңды салдарына зерттеулер жүргізіледі.

Кілт сөздер: фудули, мүлік иесі, ислам шариғаты, мәзһаб, келісім, әрекет.

الملخص: تُولى الشريعة الإسلامية اهتمامًا كبيرًا للعلاقات المتنوعة بين الناس، وخاصة في المعاملات والعقود، ولهذا الغرض، تنظم الشريعة هذه العلاقات، وتدرس مدى توافق أفعال الناس مع متطلبات الشريعة، وتعرض الأحكام الدينية، وتصدر القرارات المناسبة. قد تحدث العلاقات والعقود بين الناس مباشرة بين طرفين أو بمشاركة طرف ثالث. إحدى هذه الحالات هي تصرفات الفضولي. والفضولي هو الشخص الذي يتصرف باسم شخص آخر دون علمه. تتناول هذه المقالة مدى قانونية تصرفات الفضولي في ميزان الشريعة، وتقارن بين آراء المذاهب المختلفة حول هذه المسألة، وتعرض الأدلة والحجج لكل مذهب. كما يتم توضيح الآثار الشرعية لتصرفات الفضولي، ودراسة العواقب القانونية مثل الحصول على الحقوق أو الملكية. **الكلمات المفتاحية:** الفضولي، صاحب الملك، الشريعة الإسلامية، المذهب، العقد، التصرف.

Abstract. Islamic Sharia law pays significant attention to the diverse interactions between people, particularly in transactions and exchanges. In this regard, Sharia regulates these relationships, **examines** the conformity of people's actions to Sharia requirements, presents religious rulings, and issues decisions. Interactions and agreements between people can occur directly between two parties or with the involvement of a third party. One such case is the actions of a **fuduli**. *Fuduli* is a person who acts on behalf of another without their knowledge. This article examines the legal validity of a **fuduli's** actions under Sharia law, compares the differing opinions of the schools of thought (mazhabs), analyzes the evidence and arguments **presented by** each school. The Sharia consequences of a **fuduli's** actions are identified, and legal consequences such as ownership and property rights are explored.

Keywords: fuduli, property owner, Islamic Sharia, mazhab, agreement, action.

Аннотация. Исламское шариатское право уделяет большое внимание разнообразным взаимоотношениям между людьми, в частности, операциям по обмену и сделкам. В этой связи, шариат регулирует данные взаимоотношения, исследует соответствие действий людей требованиям шариата, излагает религиозные предписания и выносит решения. Взаимодействие между людьми и заключение договоров может происходить как напрямую между двумя сторонами, так и с участием третьей стороны. Одним из таких случаев является деятельность фудули. «Фудули» – это лицо, которое действует от имени другого человека без его ведома. В данной статье рассматривается законность действий фудули с точки зрения шариата, приводятся разногласия между мазхабами по этому вопросу, анали-

зируются доказательства каждой из школ и аргументы сторон. Определяются шариатские последствия действий фудули, исследуются такие юридические последствия, как приобретение прав или имущества.

Ключевые слова: фудули, владелец имущества, исламский шариат, мазхаб, соглашение, действие.

Кіріспе

Ислам діні адамдар арасындағы құқықтық, мүліктік қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлген. Тіпті ислам шариғатының ауқымды салаларының бірі – фикһ әл-муғамалат. Бұл салада адамдар арасындағы қаржылай қарым-қатынас зерттеледі. Қоғамда екі тарап арасындағы қарым-қатынас әртүрлі жолмен іске асып жатады. Келісім кейде екі тараптың тікелей араласуы, кейде үшінші тарап арқылы да іске асады. Осы үшінші тараптың араласу сипатына қарай қарым-қатынас түрі де өзгереді және сол өзгерістерге қарай үкім де саналуан болып келеді. Үшінші тараптың араласуымен орын алатын келісімдердің бір түрі – фудули әрекеттері. Осы мақалада біз фудули мәселесіне және оның басқа біреудің атынан жасайтын әрекеттеріне талдау жасап, ғалымдардың көзқарастарын баяндаймыз. Фикһи мәзһабтар арасындағы айырмашылықтарға тоқталып, олардың берген үкімдерінен туындайтын құқықтар мен мүлікке ие болу мәселелерін талдаймыз.

Тақырыпты талдауды дәйектеу

Бүгінгі күнде басқа бір адамдардың атынан да әртүрлі әрекет жасалып жатады. Бұл әрекеттердің шариғаттағы сипатын білу мұсылман адам үшін маңызды. Екі тарап арасында үшінші тарап ретінде уәкіл, уәли, қазы, фудули іске араласуы мүмкін. Сондықтан үшінші тарап араласқан келісімде оның шариғат заңы бойынша қандай сипатта келісімге араласатынын және оның әрекеттерінің шарғи,

заңды салдарының қандай болатынын білу маңызды.

Ұсынылып отырған мақаланың **мақсаты** – ислам шариғаты ғылымындағы фудули ұғымына исламтанулық талдау және оны ғалымдардың көзқарастарын салыстыру арқылы қоғамдық қарым-қатынастың шариғат заңымен реттелген бір түрі ретінде таныстыру.

Осы мақсатқа жету жолында келесі **міндеттерді** шешуді жөн көрдік: «фудули» сөзінің этимологиясын ашу, фудули ұғымының діни анықтамасын талдау, ғалымдардың дәлелдерін келтіру, фудулидің әрекеттері арқылы көрініс тапқан әрекет түрлеріндегі үкімдерді мысалға келтіру арқылы оның шарғи заңдарға негізделе орындалатындығын дәлелдеу.

Зерттеу нысаны: ислам шариғатындағы фудули ұғымы.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы. Бұл мақалада «фудули» сөзінің мәнін ашу мақсатында этимологиялық зерттеу жүрзілді. Ол үшін араб тіліндегі тарихи және түсіндірме сөздіктерге жүгініп, «фудули» сөзінің мәні ашылды. Фудули әрекетінің шарғи салдарын анықтау үшін мәзһабтар арасындағы айырмашылықтарға салыстырмалы әдіс арқылы талдау жасалды. Ғалымдардың пікірлеріне талдау, сипаттау, жинақтау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылама

Ислам шариғатында адам өз атынан және өзге тұлғаның атынан да әртүрлі әрекеттер мен келісімшарттар жасай алады. Осы келісімшарттар табиғатына қарай әртүрлі болып келеді. Осындай әрекеттердің бірі – фудули әрекеті.

«Фудули» (فضولي) сөзі – араб тіліндегі «адамның өзіне қатысы жоқ нәрсемен шұғылдануы» деген мағына беретін «фудул» (فضول) сөзінен шыққан туынды сөз. Яғни өзіне тікелей қатысы жоқ іспен айналысушы, басқаның ісіне араласушы деген мағына береді (Al-Mu'jam, 1989: 693).

Мұсылман фақиһтары, яғни заңгерлері «фудули» сөзін араб тіліндегі лексикалық мағынасында қолданады. Ханафи мәзһабының көрнекті ғалымы Ибн Нужайм (h. 970 ж.) «Фудули дегеніміз – біреудің атынан оған уәлилік не уәкілдік етпей әрекет жасауы немесе өз атынан әһлиясы болмаса да әрекет етуі», – деп анықтама берген (Ibn Nujaum, 147). Яғни шарифат заңы бойынша әрекет жасауға құқығы жоқ адамның әрекет жасауы. Мысалы, біреудің хабарынсыз оның малын сату не оның атынан бір мүлікті сатып алу.

Енді фудули әрекетінің салдарына тоқталып, оған қатысты ислам фақиһтарының көзқарастарына талдау жасасақ.

Фақиһтар фудули әрекеттерінің үкіміне қатысты жалпы екі түрлі көзқарас ұстанады. Бірінші көзқарас бойынша, фудули әрекеттері жойылады (باطل батыл болады), оның заңдық күші болмайды. Екінші көзқарас бойынша, фудули іс-әрекеті дұрыс. Алайда заңдық күшке ие болуы, жасаған келісімшарты орындалуы үшін іс иесінің рұқсатын алу қажет (al-Bukhari, 2002: 560).

Алғашқы көзқарасты шафиғи және ханбали мәзһабының ғалымдары ұстанады. Имам Шафиғидің жаңа көзқарасында (мәзһабында) фудули әрекеті батыл (жойылған) саналады. Ал ескі көзқарасында (мәзһабында) іс-әрекет иесінің рұқсатына тоқтап тұрады (Abu Zakariyya, 1997: 260). Олардың пікірінше, фудули әрекеттері орындалмайды, тіпті (фудули әрекет

етіп қойғаннан кейін) іс иесі рұқсат берсе де фудули ісі жарамсыз саналады. Себебі келісімнің өзі жарамсыз және іс иесінің рұқсатымен ол іс дұрыс болып кетпейді. Бұл көзқарасты ұстанатындар әрекеттің жүзеге асу шарты ретінде әрекет етуші әрекет еткен нәрсесіне рұқсатпен не уәлилікпен ие болуы тиіс деген шарт қояды. Бұл уәлиліктің дереккөзі уәлиліктегі және өсиеттегі секілді шарифат болуы не уәкілдіктегі секілді екі жақты келісім болуы да мүмкін (Ibn Nujaum, 561). Бұл көзқарасты ұстанушылардың пікірінше, фудули ол әрекеттің иесі емес және шарифат иесі Алладан да, іс иесінен де рұқсат алмаған. Сондықтан оның әрекеті батыл болады, яғни жойылады. Осы көзқарасқа Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Өзіңде жоқты сатпа», – деген (Abu Dawud, 1997: 495), (Al-Tirmidhi, 2016: 358-359) хадисі дәлел болады. Бұл хадис бойынша, адам өз иелігіндегі емес затты сатуына болмайды. Ал фудули болса өзгенің иелігіндегі затты сатуға, сатып алуға, жалға беруге және басқа да әрекеттер жасауға барып отыр. Сондықтан оның әрекеті жойылады. Сонымен қатар «Фудули табыстауға шамасы келмейтін нәрсені сатады. Фудули саудасының жойлатындығына (батыл) аспандағы құсты, судағы балықты сатуға қияс әдісін қолданып та дәлел келтіруге болады. Мұндағы тауарды (не келісімшарт нысанын) табыстауға шаманың келмеуі шарифат үкімімен орын алады. Өйткені, айтып өткеніміздей, Алла уәлиліксіз, уәкілдіксіз біреуді екінші біреудің мал-мүлкіне үстемдік еткізбейді.

Екінші көзқарас. Ханафилер мен мәликилерде және жоғарыда айтып өткеніміздей, имам Шафиғидің ескі мәзһабында фудулиәрекеттері дұрыс саналады, тек орындалуы іс иесінің рұқсатына тоқтап (موقوف маукуф) тұрады. Егер іс иесі ол әрекеттен бас тартса, ол әрекеттің

зандық күші болмайды, ешқандай шарғи салдары орын алмайды. Мысалы, бір адам екінші адамның мал-мүлкін оның рұқсатынсыз сатса, бұл сауда келісімі, ханафилер мен мәликилердің ойынша, дұрыс, тек орындалуы мал-мүлік иесінің анық не тұспалдап қабыл алуына байланысты болады. Бұл жағдайда оның қабыл алуы рұқсат саналады. Оның сатып алуы да сатуы секілді.

Бірақ бұл жерде ханафилер мен мәликилердің арасында төмендегідей пікір қайшылығы бар. Имам Әбу Ханифа сату мәселесінде имам Мәликпен келісе қоймаған. Ол: «Фудули өз атынан істі жүргізсе және ол келісім жүргізуге құқылы болса, сатып алу келісімі дұрыс болады», – деген. Алайда фудулидің құқықтық қабілеті нақыз болса не ол малшашар (сәфәһ) бола тұра сауданы басқаға телсе немесе өз атынан істі атқаруға қабілетті болмаса, Мәликимен келіскен (Ibn Nujaum, 159-164). Имам Мәлик болса, сату мен сатып алу келісімдерін үкім беруде теңестірген. Ол фудулидің келісімді өзіне не өзгеге телуін бөліп қарастырмаған. Оның пікірінше, екі жағдайда да келісімнің орындалуы іс иесінің рұқсатына байланып тұрады (Al-Khattab, 272). Осы мәселеге қатысты мәлики мәзһабының ғалымы Ибн Рушд: «Фудули жасаған саудасының дұрыс-бұрыстығына қатысты әртүрлі пікірлер бар. Имам Шафиғи бұл жағдайда екі тараптың да (сатушының да, сатып алушының да) іс-әрекетіне тыйым салған. Имам Мәлик екі тараптың да іс-әрекетіне рұқсат берген. Ал имам Әбу Ханифа сатушы мен сатып алушыны бөлек-бөлек қарастырған. Ол сатуға рұқсат берген, сатып алуға тыйым салған», – деген (Abu al-Walid, 189).

Бұл фақиһтар фудули келісімінің дұрыстығына Уруа әл-Бәриқидан (Алла оған разы болсын) риуаят етілген хадисті

дәлелге келтірген. Ол хадисте Пайғамбар (Алланың оған сәлемі мен салауаты болсын) оған бір қой сатып алуы үшін бір динар береді. Уруа ол қаражатқа екі қой сатып алады. Содан кейін жолда екі қойдың бірін бір динарға сатып жібереді. Ол: «Мен Пайғамбарға бір қой мен бір динарды алып келіп, болған жағдайдан хабардар еттім. Сонда Пайғамбар (Алланың оған сәлемі мен салауаты болсын): «Алла сенің жасасқан келісіміңе береке берсін», – деді», – деген (Al-Tirmidhi, 400), (Abu Abdullah, 895).

Алла елшісі (Алланың оған сәлемі мен салауаты болсын) оны бір динарға бір қой сатып алуға уәкіл еткен және екінші қойды сатып алуға және оны сатуға уәкіл етпеген. Сонда екінші қойды сатып алу мен сату іс иесінің рұқсатынсыз орын алған. Ал Пайғамбар (Алланың оған сәлемі мен салауаты болсын) өз кезегінде ол әрекетке рұқсат берген және Уруаға береке тілеп дұға жасаған. Бұл фудулидің сату мен сатып алу келісімдерінің рұқсат және дұрыс екендігін көрсетеді. Тек оның орындалуы іс иесінің рұқсатына байланысты болады.

Ал бірінші көзқарасты ұстанушылар басшылыққа алған Хақим ибн Хизамның хадисі адамның өзінде жоқты мүлік иесінің есебінен емес, өз есебінен сатуына қатысты айтылған деп түсіндіріледі. Бұл ойды хадистің себебі де қуаттайды. Хақим ибн Хизам өзінде жоқты өз есебінен сататын, содан кейін базарға барып, оны мүлік иесінен сатып алатын да, оны (тауарды) сатып алушыға табыстайтын.

Фудули өзгенің иелігіндегі затты зат иесінің есебінен сатады. Яғни ол оны өзінің емес, мүлік иесінің есебінен сатуды ниет етеді. Сондықтан оған бұл хадис қолданылмайды.

Кәмәл ибн әл-Һумам (h. 861 ж. қайтыс болған) осы мәселені келесідей тал-

даған. Ол фақиһтардағы фикһи негіз: келісім өз орнында құқықтық қабілеттілігі (әһлиясы) бар адамнан туындаса, ол келісімге дұрыс деп үкім беріледі. Одан кейін келісімнің орындалуы іс иесінің рұқсатынсыз жасалса, оның рұқсатына байланысты болады және мұнда ешкімге зиян жоқ. Керісінше, мұнда үш тарапқа да пайда бар. Мүлік иесі өзіне ол істе пайда барын көрсе, әрекетке рұқсат бере алады. Кері жағдайда одан бас тарта алады және жасалған келісім жойылады. Фудулидің істері мен сөздері босқа айтылудан сақталады. Фудулимен келісімге отырған адам ол әрекетке өзіне пайда бар деген оймен барады (Kamal, 2003: 50-55).

Бұл фақиһтар өз мәзһабтарын: «Расында, фудулидің келісіміне ол орындалған жағдайда рұқсат етіледі. Оның орындалуы өсиетке қияс жасалып, тоқтай тұрады», – деп түсіндіреді. Яғни ол келісім заңдық күшке ие болмай тұрады. Келісімнің дұрыс болуы және оның орындалуы екінші адамның қабыл алуына байланысты болу идеясы ислам фикһында оғаш тірлік емес. Керісінше, ол жалпы қағидаларға, тұтас ұстанымдарға сай келеді.

Ислам шариғатында мукәллаф адамның жасаған әрекеттерінің шарғи, заңдық салдары болады. Енді фудули әрекетін тоқтата тұру нәтижелерін талқыласақ. Біз фудули әрекетінің дұрыс екенін, оның орындалуы, яғни шарғи салдарының болуы ханафилер мен мәликилерде іс иесінің рұқсатына байланысты болатынын жаздық. Енді осы әрекеттерді тоқтата тұрудың салдарына, әрекеттердің рұқсат етілуіне, бұл рұқсаттың не бас тартудың салдарына кеңінен тоқталғмыз келеді және ханафилердің әдісімен сату мен сатып алудың айырмашылығын талдаймыз.

Біріншіден, фудулидің сатуы. Фудулидің сату әрекеті дұрыс, орындалуы іс

иесінің рұқсатына байланысты. Бұл дегеніміз – келісім шариғат (заң) негізінде пайда болады. Тек бұл келісімнің үкімі не оның салдарынан туындайтын әсері осы сауда иесінің рұқсатына байланысты.

Ханафилерден Мухаммад ибн әл-Хасан сатудың тоқтап тұруын «ол үкім тудырмайды» деп түсіндірген. Ол – иелену. Сауда бар, бірақ мүлікті иелену құқығы сатып алушыға өтпейді. Жумһур (көпшілік) ханафилер «иелену ауысады, тек бұл ауысу келісім иесі рұқсат бермейінше тоқтап тұрады», – деп түсіндірген (Kamal, 2003: 57).

Фудулидің сатуын тоқтата тұру мен оның мүлік иесіне қатысты рұқсат бергенге дейін орындалмауының нәтижесі: фудули рұқсатқа дейін сауданы орындап, тауарды сатып алушыға беріп қойса, мүлік иесі фудулидің не сатып алушының қалағанынан тауар бүлінген не құртылған жағдайда кепілдік талап етуге құқығы бар (Kamal, 2003: 57).

Егер фудулиден сатып алушы тауарды тауар иесі бірінші келісімге рұқсат бермей жатып екінші біреуге сатып жіберсе, екі келісім де тоқтап тұрады. Мүлік иесі екі келісімнің қалағанына рұқсат бере алады (al-Sarakhsi, 96).

Егер фудули бұрын өзі сатқан бір заттың иесіне айналса, ханафилер оның саудасы жойылады деп шешкен және оның бұл сатуға рұқсат беруіне құқығы жоқ. Керісінше, ол әлгі заттың иесіне айналғаннан кейін жаңа келісім жасасуы тиіс. Бұған қатысты ханафилердегі қағида: иелену себебі сатудан бұрын келсе, сату дұрыс. Егер иелік ету себебі саудадан кейін келсе, сату жойылады. Бұл жерде иелік себебі сатудан кейін келіп тұр. Сондықтан сату жойылады.

Мәликилер мұра арқылы мүліктік иеленудің фудулиге өтуі мен оның фудулиге сатып алу не сыйлыққа алу немесе

садақаға беру секілді жолдармен өтуін бөліп қарастырған. Бірінші жағдайда фудулиге мұрагері қайтыс болғаннан кейін одан туындаған сатуды бұзу құқығы беріледі. Себебі бұл құқық мұрагеріне тиесілі болатын. Сондықтан ол құқық бұған өтеді. Екінші жағдайда фудулиге келісімді бұзу құқығы берілмейді (al-Dasuqi, 11).

Рұқсат берілгенге дейін фудули саудасының тоқтап тұруынан туындайтын нәтиже – фудули мен одан сатып алушы сауданы бұзуға құқылы болуы. Тек неке келісімі бұған жатпайды. Фудули неке келісімін рұқсат бермей жатып бұза алмайды. Өйткені фудули уәкіл секілді тек келісімге отырушының қалауын жеткізуші елші ғана. Сондықтан оның неке келісінде сауда келісіндегі рұқсат етілгені секілді өзіне зияны тиюі мүмкін зарарды қайтаруға құқығы жоқ. Неке келісінде келісім құқықтары тек келісім жасасушы асыл тарапқа ғана қайтады және оған уәкіл де, фудули де араласа алмайды. Сондықтан фудулидің келісімді бұзуға мүддесі жоқ (al-Hanafī, 332).

Бұзылу салдарынан келісім жойылады. Сондықтан оған мүлік иесі кейіннен рұқсат берсе де, ол келісім саналмайды. Өйткені бұл жерде фудули мүдде иесі саналады. Егер ол келісім орындалатын болса, оның орындалуы үшін фудулиді уәкіл деп санауға тура келеді және келісімнің тауарды тапсыру, құнын алу, ақау табылған жағдайда сатып алушымен дауласу құқықтары соған беріледі. Фудулидің бұл істерді орындауы оған зиян тигізу деп есептеледі және оның бұл зиянның бетін қайтаруға құқығы болады.

Фудулиден сатып алушының да келісімді бұзуда белгілі бір мүдделері болуы мүмкін. Себебі ол бұл келісімнен зиян шегуі мүмкін және басқа біреуге зияны тимейтін жағдайда оның бұл

келісімнен бас таруға құқығы болады. Мұндағы мәселе рұқсат бергенге дейін мүлік иесінің ешқандай құқықтары пайда болмағандығында.

Осы жерде фудулидің келісімі құқықтық қабілеттілігі нақыс (әһлия нақиса) адамның келісіміне сәйкес келмейді. Екіншісінің келісімі уәлидің рұқсатына байланысты болғанымен, құқықтық қабілеттілігі нақыс адамның да, онымен қарым-қатынас жасаған адамның да келісімді бұзуды талап етуге құқықтары жоқ. Бұл жерде ол құқық тек уәлиге беріледі (al-Shara’i, 151).

Мәликилер фудулиге де, одан сатып алушыға да сату келісімін бұзу құқығын бермейді және бұл жерде сатып алушының екінші тараптың, яғни сатушының фудули екенін білгенін не білмегенін теңдей қарастырады. Бұл сауда келісін бұзу не оған рұқсат беру құқығы тек мүлік иесінде болады (al-Dasuqi, 12.).

Екіншіден, фудулидің сатып алуы. Жоғарыда айтып өткеніміздей, мәликилер фудулидің сатып алуы мен сатушының арасын бөліп қарастырмаған. Екеуінің де орындалуы іс иесінің рұқсатына байланысты тоқтап тұрады. Фудули келісімді өзіне немесе өзгеге телсін, мүлік иесі не оған затты сатып алушы бұл жағдайда бірдей. Егер фудулидің тауарды сатып алуы дұрыс және оның орындалуы осы өзге адамның (іс иесінің) рұқсатына байланып тұрса, сатушының келісімді бұзуға құқығы жоқ. Егер тауарды негізгі сатып алушы осы сатып алуға рұқсат берсе, бұл оның құқығына қатысты орындалады. Егер рұқсат бермесе, сатып алу фудулидің құқығына қатысты орындалады. Осылайша, екі жағдайда да сатушы зиян шекпейді (Al-Khattab, 282 б), (al-Kharshi, 81).

Ханафилерде бір жағынан, сату мен сатып алу келісімдерін бөлек-бөлек қара-

стырса, екінші жағынан, фудулидің сатып алуы өзіне не өзгеге телуінің арасын да бөлек қарастырады.

Егер фудули өзгеге бір зат сатып алса және келісімді өзіне телсе, бұл келісімі дұрыс және оның құқығына қатысты орындалған болады әрі ешкімнің рұқсатына байланысты тоқтап тұрмайды. Осы арқылы фудули оны өзіне сатып алған саналады, сатып алған заттың иелігі оған ауысады және оның құнын беруге міндетті болады. Бұдан кейін ол бұл затты басқа тарапқа жаңа келісіммен сатады.

Ханафилер бұл жерде мынаны шарт етеді: сатып алушы келісім жасасуға лайықты (құқықтық қабілеттілігі бар) адам болуы тиіс. Егер сатып алушы сәби, тыйым салынған адам болса, ол келісім негізгі сатып алушының рұқсатына байланысты тоқтап тұрады. Өйткені сатып алушы келісім жасасуға лайықты адам емес. Сондықтан сату келісімі оның құқығына қатысты орындалмайды.

Егер сатып алушы келісімді өзге бір адамға телсе, бұл келісім дұрыс және оның рұқсат беруіне байланысты тоқтап тұрады. Рұқсат берсе, келісім орындалады, рұқсат бермесе, келісім жойылады (Ibn Nuja'im, 159-164).

Рұқсат беру шарттары. Фудули әрекеті рұқсат беруге байланысты тоқтап тұрады дегендер рұқсат беруге үш шарт қойған. Олар:

Біріншісі, келісім нысаны немесе әрекеттің бар болуы. Егер рұқсат бергенге дейін келісім нысаны бүлініп не құритын болса, рұқсат беру жойылады. Өйткені ол нысанмен тоғыспады. Фудули өзгенің мал-мүлкін сатса және мүлік иесі ол мүлік құрып кеткеннен кейін келісімге рұқсат беретін болса, оның бұл рұқсат беруі дұрыс емес. Егер тауар оның қолында бүлінетін болса, бүлінудің салдары оған артылады. Ал егер тарау фудулиден са-

тып алушының қолында бүлінетін болса, мүлік иесінің оның кепілдігін фудулидің не одан сатып алушының бірінен талап ету құқығы бар.

Екіншісі, фудулидің, онымен келісім жасасқан адамның және рұқсат беру құқығы бар адамның рұқсат берген уақытта тірі болуы. Сондықтан осы үш тараптың бірі қайтыс болғаннан кейін берілген рұқсат жойылады және оның орындалуының ешқандай салдары болмайды. Бұл жерде мұрагерлері олардың орнын баса алмайды. Мұны «рұқсат беру – келісім түзудің үкімі» деп түсіндіруге болады. Ал келісім жасасушы екі тарап болмаса келісім түзілмейді. Сол секілді мүлік иесінің рұқсат беруі оның тірі болуын талап етеді (Kamal, 2003: 50-55).

Үшіншісі, әрекет жасалған уақытта оған рұқсат берілуі. Сондықтан фудули сәбидің не тыйым салынған адамның мал-мүлкін садақа етсе не сыйласа, сәби балиғатқа толғаннан кейін немесе тыйым салыну тоқталғаннан кейін ол әрекетке рұқсат берсе, бұл рұқсат беру дұрыс емес. Бұл келісім оның құқығына қатысты орындалмайды. Өйткені бұл әрекеттер жасалған уақытта оған рұқсат беру болмаған еді.

Енді фудулидің ісіне рұқсат беру жолына тоқталсақ. Фудули әрекетіне рұқсат анық немесе тұспалдап берілуі мүмкін. Анық рұқсат беру сөзбен не іспен болады. Мысалы, «саған әрекет етуге рұқсат бердім» деп айтуы немесе мүлік иесі сатылатын тауарды фудулидің қолына табыстауы не одан құнын алуы.

Тұспалдап рұқсат беру разылықты білдіретін барлық белгімен, дәлелмен, айғақпен болады. Көпшілік ханафи фудулиді біле тұра, оның әрекетіне үнсіздік таныту әрекетке рұқсат болып табылмайды деген (Ibn Nuja'im, 159-164), (al-Muhtar, 510).

Рұқсат берудің әсері, яғни салдары. Егер фудулиәрекеттеріне рұқсат берудің шарттары толық орындалса, фудули уәкіл деп саналады. Бұл әрекеттің уақытына қайтады. Ендеше, оның қайту әсері (салдары) бар. Ханафилер осыған байланысты кейінгі рұқсат беру алдыңғы рұқсат берудің үкімін алады деп шешкен. Егер іс иесі рұқсат берген әрекетте фудулиді уәкіл деп санасақ, келісім құқықтары соған тиесілі. Келісім үкімі болса, іс иесіне қайтады. Оған уәкілдік тарауында кеңінен тоқтаған едік.

Әрекетке рұқсат бермеу мәселесіне келсек, біз мүлік иесінің немесе іс иесінің фудулидің әрекетіне рұқсат беру құқығы бар екендігін және бұл жағдайда фудулидің уәкіл деп саналатындығын айттық. Сондықтан оған уәкілдіктің үкімдері қолданылады. Оның бұл әрекеттен бас тартуға құқығы бар. Әрекеттен бас тартудың салдарынан ол әрекет жоқ деп саналады. Одан кейін осы әрекетке рұқсат беру оның ойына келсе, бұл рұқсат беру бар келісіммен тоғыспағандықтан, оның салдары болмайды.

Мысалы, келісім не әрекет фудулидің сатып алушыға тауарды беруі арқылы орындалған болса, мүлік иесі оны өзіне қайтаруды талап етуге құқылы. Егер тауар бүлінсе, ханафилердің кітаптарында кеңінен талданған негізде мүлік иесі бүлінген заттың кепілін фудулиден не сатып алушыдан талап ете алады.

Егер мүлік иесі не іс иесі үнсіз қалып, фудулидің әрекетіне рұқсат етпесе не тыйым салмаса, қанша уақыт созылса да, оның әрекеті тоқтап тұрады. Ханафилерде оның бұл әрекетті білуі не білмеуі бірдей.

Мәликилердің кітаптарында былай келген: фудули әрекетінің уақытында не одан кейін мүлік иесінің бар бола тұра, біле тұра, рұқсат беруге не кері қайтаруға қатысты үнсіздігіне келсек, егер әрекет оның жоқтығында орын алса және арада бір жыл уақыт өтсе, оның әрекетті кері қайтару құқығы жойылады және оның тарапынан сауда міндетті болады әрі одан кейін оны кері қайтара алмайды (al-*Dasuqi*, 12), (al-*Kharshi*, 17).

Ислам фикһы фудулиге де, іс иесіне де фудулидің әрекетіне іс иесінің рұқсаты берілгенге дейін еш нәрсені міндеттемейді. Өйткені іс иесі фудулидің әрекетіне рұқсат бергенге дейін оларды байланыстыратын нәрсе жоқ.

Сөзімізді **қорыта келе**, ислам шариғатының әр ғасырда, әр аймақта, әртүрлі адамдар ортасында туындайтын саналуан әрекеттерді, алыс-берістерді реттеп отыратын белгілі бір нормаларды бекіткендігін және осыларға қатысты жалпы нормативтері бар тұтас жүйе екендігін аңғарамыз. Адамдар арасында орын алатын осындай әрекеттердің бірі – фудулидің әрекеттеріне ислам шариғатында мән беріліп, түрлі жағдаяттарға сай келетін үкімдері бар екендігін байқаймыз және осы үкімдерді мұсылман адам күнделікті өмірін шариғатпен сәйкестендіру үшін олардан хабардар болып отырғандығы жақсы болар деп сөзімізді аяқтаймыз.

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (Грант №AP19680093).

Әдебиеттер

1. المعجم الوسيط. استانبول: دار الدعوة. 1989. ص: 1067.
2. زين الدين بن إبراهيم بن محمد، المعروف بابن نجيم المصري (المتوفى: 879هـ). البحر الرائق شرح كنز الدقائق. دار الكتاب الإسلامي. ج. 3. ص: 370.
3. حسين حامد حسان. المدخل لدراسة الفقه الإسلامي. القاهرة: أزوقة، 2017. ص: 693.
4. أبو زكريا محيي الدين يحيى بن شرف النووي (المتوفى: 676هـ). المجموع شرح المهذب (مع تكملة السبكي والمطيعي). دار الفكر ج. 9. ص: 404.
5. أبو داود. سنن أبي داود. بيروت: دار ابن حزم. 1997. ج. 3. ص: 551.
6. الترمذي. سنن الترمذي. بيروت: دار التواصل. 2016. ج. 2. ص: 632.
7. زين الدين بن إبراهيم بن محمد، المعروف بابن نجيم المصري (المتوفى: 970هـ). البحر الرائق شرح كنز الدقائق. دار الكتاب الإسلامي. ج. 6. ص: 816.
8. الحطاب الرعيني. مواهب الجليل. بيروت: دار الكتب العلمية. 1995. ج. 4. ص: 615.
9. أبو الوليد محمد بن أحمد بن رشد (المتوفى: 595هـ). بداية المجتهد ونهاية المقتصد. القاهرة: دار الحديث، 2004 م. ج. 3. ص: 235.
10. البخاري. صحيح البخاري. بيروت: دار ابن كثير. 2002. ص: 1944.
11. كمال الدين محمد بن عبد الواحد السيواسي المعروف بابن الهمام (المتوفى: 861هـ). فتح القدير. بيروت: دار الكتب العلمية. 2003. ج. 7. ص: 480.
12. شمس الدين السرخسي. المبسوط. بيروت: دار المعرفة. ج. 24. ص: 185.
13. شمس الدين محمد بن أحمد بن عرفة الدسوقي. حاشية الدسوقي على الشرح الكبير. دار إحياء الكتب العربية. ج. 3. ص: 552.
14. أبو بكر بن مسعود الكاساني الحنفي. بدائع الصنائع في ترتيب الشرائع. ج. 2. ص: 340.
15. أبو بكر بن مسعود الكاساني الحنفي. بدائع الصنائع في ترتيب الشرائع. ج. 5. ص: 310.
16. أبو عبد الله محمد الخرشني. شرح الخرشني على مختصر خليل. بيروت: دار الفكر للطباعة. ج. 5. ص: 308.
17. ابن عابدين. حاشية رد المحتار. بيروت: دار الفكر. 1966. ج. 4. ص: 604.

Reference

1. Abu Abdullah ibn Muhammad ibn Ismail al-Bukhari. Sahih al-Bukhari (The Authentic Collection of Al-Bukhari). – Beirut: Dar Ibn Kathir, 2002. – P. 1944.
2. Abu Abdullah Muhammad al-Kharshi. Sharh al-Kharshi ala Mukhtasar Khalil (Al-Kharshi's Commentary on the Abridgment of Khalil). – Beirut: Dar al-Fikr li-l-Tibaa. – Vol. 5. – P. 308.
3. Abu al-Walid Muhammad ibn Ahmad ibn Rushd. Bidayat al-Mujtahid wa Nihayat al-Muqtasid (The beginning of the diligent and the end of the thrifty). – Cairo: Dar al-Hadith, 2004. – Vol. 3. – P. 235.
4. Abu Bakr ibn Masud al-Kasani al-Hanafī. Bada'i al-Sana'i fi Tartib al-Shara'i (The wonders of crafts in the arrangement of laws). – Vol. 2. – P. 340.
5. Abu Bakr ibn Masud al-Kasani al-Hanafī. Bada'i al-Sana'i fi Tartib al-Shara'i (The wonders of crafts in the arrangement of laws). – Vol. 5. – P. 310.
6. Abu Dawud. Sunan Abi Dawud (The Sunan of Abu Dawud). – Beirut: Dar Ibn Hazm, 1997. – Vol. 3. – P. 551.
7. Abu Zakariyya Muhyi al-Din Yahya ibn Sharaf al-Nawawi, Al-Majmu Sharh al-Muhadhdhab (The Collection: Commentary on Al-Muhadhdhab). – Dar al-Fikr. – Vol. 9. – P. 404.
8. Al-Khattab al-Ruwayani. Mawahib al-Jalil (The Bounties of the Majestic). – Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah, 1995. – Vol. 4. – P. 615.

9. Al-Mu'jam al-Wasit (Intermediate dictionaries). – Istanbul: Dar al-Da'wa, 1989. – P. 1067.
10. Al-Tirmidhi. Sunan al-Tirmidhi (The Sunan of Al-Tirmidhi). – Beirut: Dar al-Tawassul, 2016. – Vol. 2. – P. 632.
11. Husayn Hamid Hassan. Al-Madkhal li-Dirasat al-Fiqh al-Islami (Introduction to the Study of Islamic Jurisprudence). – Cairo: Arwīqah, 2017. – P. 693.
12. Ibn Abidin. Hashiyat Radd al-Muhtar (The Marginal Notes on The Response of the Perplexed). – Beirut: Dar al-Fikr, 1966. – Vol. 4. – Ibn Nujaym. Al-Bahr al-Ra'iq Sharh Kanz al-Daqa'iq (The Clear Sea: Commentary on the Treasure of Subtleties). – Dar al-Kutub al-Islamiyyah. – Vol. 3. – P. 370.
13. Ibn Nujaym. Al-Bahr al-Ra'iq Sharh Kanz al-Daqa'iq (The Clear Sea: Commentary on the Treasure of Subtleties). – Dar al-Kutub al-Islamiyyah. – Vol. 6. – P. 816.
14. Kamal ibn al-Humam. Fath al-Qadir (The Opening of the powerful). – Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah, 2003. – Vol. 7. – P. 480.
15. Shams al-Din al-Sarakhsi. Al-Mabsut (The Extended Work). – Beirut: Dar al-Maarifah. – Vol. 24. – P. 185.
16. Shams al-Din Muhammad ibn Ahmad ibn Arafah al-Dasuqi. Hashiyat al-Dasuqi ala al-Sharh al-Kabir (Al-Dasuqi's Marginal Notes on the Grand Commentary). – Dar Ihya al-Kutub al-Arabiyyah. – Vol. 3. – P. 552.
17. P. 604.